




МЕМЛЕКЕТТІК
МАҒЫЗЫ БАР
ҚАДАМ



ЖАҒЫРУ
ЖОЛЫНДАҒЫ
ЖАРҚЫН
КӨРІНІСТЕР



ЖҮРЕККЕ ОРАЛУ

→ 2

→ 4

→ 3

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ



САУАТТЫ ЖАРНАМА – ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТАУЫ

Тіл – ұлттың жаны, рухани қазынасы, ұрпаққа жететін аманаты. Тілінді құрметтеу – өзіңді құрметтеу, ал тілдің тазалығы мен мәдениетін сақтау – елдік пен бірліктің белгісі. Сөз қадірін білген жұрт қашанда өркениетті қоғамға ұмтылып, рухани биіктікке жеткен. Әрбір жазылған сөз – ұрпаққа қалдырған мұра, әрбір сауатты жарнама – тұтынушыға деген сыйластықтың, мемлекеттік тілге деген құрметтің көрінісі.

Аружан КҮНТУБАЙ



Қазіргі заманда қоғам мәдениеті алдымен сөз мәдениетінен басталады. Көшеде ілінген әрбір мандайша, дүкендердің жарнамасы немесе қоғамдық орындардағы хабарландырулар – сол ортаның айнасы іспеттес. Егер олар қате жазылып, мағынасыз аудармаға толы болса, бұл тек көзге ғаш көрініп қоймайды, елдің тілге деген құрметін төмендетіп, тұтынушының сенімін де азайтады. Сондықтан тілдің тазалығын сақтау – әрбір азаматтың борышы.

Жуырда аудан әкімдігі мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты аудандық байқау өткен болатын. Байқаудың басты мақсаты – көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамада мемлекеттік тіл нормаларын қатаң сақтау, мәтіндердің мазмұндық және тілдік сауаттылығын арттыру, кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тілге құрметпен қарауға үндеп, қоғамда тіл мәдениетін қалыптастыру. Мемлекеттік тілдің беделін көтеруге бағытталған байқау барысында аудан кәсіпкерлері жарнама мәтіндерінің сапасына, заң талаптарына сәйкестігіне және аударманың дұрыстығына баса мән берді.

Байқауда ерекше көзге түскен, мемлекеттік тілдің аясын кеңейтуге үлес қосқан, жарнамаларды мейлінше сауатты пайдаланып,



тұтынушылардың ризашылығына бөленген кәсіпкерлерді жақында аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Нұрлан Несіпбеков қабылдап, ізгі тілегін білдірді.

– Мемлекеттік тіл – қоғамды біріктіретін ең басты құндылықтардың бірі. Жарнама мәтіндерінің сауатты болуы – тек заң талабы ғана емес, тұтынушыға деген құрметтің де көрінісі. Бұл байқау мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдегі қолданысын кеңейтуге серпін берді деп есептеймін, – деген Нұрлан Күдербайұлы Таирбек Түлентаевты, Жанара Сматованы, Ғалия

Сыдықованы (суретте) мемлекеттік тілдегі жарнама мәтінін сауатты рәсімдеуге қосқан үлесі үшін Алғыс хаттармен марапаттап, бағалы сыйлықтар табыстады.

Атап өтерлігі, байқауда ерекше көзге түскен Ғалия Сыдықованың жұмысы үздік деп танылып, облыстық кезеңге ұсынылды. Бұл – аудан кәсіпкерлері үшін үлкен мәртебе әрі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру жолындағы еңбектің лайықты бағалануы.

Айта кететін жайт, аудан көлемінде мемлекеттік тілдің қолданылуы аясын кеңейту

бағытында айлықтар мен зерделеу жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Атап айтқанда, «Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамадағы тіл нормалары», «Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамадағы сауаттылық» айлықтары ұйымдастырылды. Айлықтар барысында 200-ге тарта жарнама және көрнекі ақпарат құралдары тексеріліп, заң талаптарына сай болмаған мәтіндерге түзетулер енгізілді. Кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетіліп, ауызша ескерту жасалды.

Сонымен қатар, шағын және орта бизнес өкілдеріне мемлекеттік тілде сауатты жарнама мәтіндерін дайындау бойынша тегін кеңес беру мақсатында бөлім тарапынан «Call-center» іске қосылды. Арнайы жауапты маман бекітіліп, кәсіпкерлерге жарнама мәтінін орналастырмас бұрын тексеру мүмкіндігі жасалды. Жыл басынан бері жедел желіге 85 жарнама беруші хабарласып, мәтіндері заң талаптарына сәйкестендірілді және қажет болған жағдайда мемлекеттік тілге дұрыс аударма жасалды.

Аудан көшелерінде орналасқан нысандардың жарнама мәтіндеріндегі қателіктердің алдын алу мақсатында кәсіпкерлер жарнаманы орналастырмас бұрын мәтіндерін мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен келісуі қажет екені түсіндірілді. Бұл талап кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттырып, қателерді болдырмауға мүмкіндік беруде.

1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабында көрнекі ақпараттар мен деректемелердің мемлекеттік тілде міндетті түрде жазылуы керектігі көрсетілген. Қажет болған жағдайда мәтіндер орыс және басқа тілдерде де берілуі мүмкін, бірақ мемлекеттік тіл бірінші орында тұруы тиіс.

Мемлекеттік тілдегі жарнама мәтіндерінің сауатты рәсімделуі – қоғам мәдениетінің, кәсіпкер жауапкершілігінің және тіл мәртебесінің басты көрсеткіші. «Жарнама – тіл тазалығының көрінісі» атты байқау аудан кәсіпкерлерін ынталандырып қана қоймай, мемлекеттік тілдің қоғамдық ортада кеңінен қолданылуына зор серпін берді.

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІСІ



ӨҢІРДІҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ҚАНДАЙ?



Максат ЖҰМАБАЕВ



Сейсенбі күні аудан әкімінің міндетін уақытша атқарушы Нұрлан Несіпбековтің төрағалығымен әкімдіктің кезекті мәжілісі өтті. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе – ауданның 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері туралы аудан әкімдігі экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Салтанат Жолдасова баяндады.

– 2025 жылдың қаңтар-маусым айларында өнеркәсіп саласында 26,4 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты индекс көлемі 103,8 пайызды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 23,9 млрд теңге, 104,0 пайыз көрсеткішке жеткен.

Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі – 19,7 млрд теңге, былтырмен салыстырғанда 272,3 пайызға артқан. Соның ішінде жеке инвестициялар 16,7 млрд теңгені құрады. Ауыл, орман және балық шаруашылығына құйылған инвестициялар көлемі де 38,6 пайызға өсті.

Ауыл шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі – 9,1 млрд теңге. Өсімдік шаруашылығында – 115,9 млн теңге, мал шаруашылығында – 8,8 млрд теңге. Алайда бұл өткен жылмен салыстырғанда (11,1 млрд) төмен көрсеткіш екенін көрсетеді. Бұл өзгерістер Тараз қаласының шекарасына байланысты әкімшілік түзетулермен түсіндірілуде.

Бірінші жартыжылдықта 5,6 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізілді. Жалпы 23 881 шаршы метр жеке тұрғын үй пайдалануға беріліп, былтырғыдан 33,1 пайызға артты. Жыл соңына дейін бірқатар әлеуметтік нысандар – ауызсу құбырлары, газ жүйелері, кітапхана, архив, үйірме орталықтары іске қосылмақ. Биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында бөлшек сауда

тауар айналымы 9,4 млрд теңгеге немесе нақты көлем индексі 127,1 пайызды құраса, көтерме сауда айналымының көлемі 10,4 млрд теңгені немесе нақты көлем индексі 216,7 пайызды құрады.

Ауданның таза өзіндік кірістері 5,4 млрд теңге көлемінде жоспарланып, 6 ай ішінде 3 млрд теңгесі орындалған. Айта кететін жайт, «Амангелді ГӨЗ» ЖШС-нің 2024 жылғы 486 млн теңге салықтық берешегі ағымдағы жылы төленді. Серіктестіктің жыл басынан бері толыққанды жұмыс істемеуі салық төлемдеріне әсер етуде. Осыған байланысты жыл қорытындысымен салық түсімдерінің орындалмау қаупі әлі де жоқ емес.

2025 жылғы ауылдық округтердің өзіндік кірістері 416,3 млн теңгеге жоспарланды. Сәуір айында өткен нақтылау барысында Тараз қаласына өткен 4 ауылдық округ есебінен жоспар 107,9 млн теңгеге кемітілді. Нәтижесінде жоспар 308,3 млн теңгені құрады.

6 айдың қорытындысымен ауылдық округтердің өзіндік кірістері 379,2 млн теңгеге немесе жылдық жоспар 23 пайызға артығымен орындалды. Бұл, өз кезегінде өзіндік кірістерді дұрыс жоспарламаудың көрінісі. Алдағы нақтылау барысында барлық ауылдық округтердің өзіндік кірістерінің жоспары қайта қаралатын болады.

→ 2



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ

«Әлемнің бар сәулеті – қарапайым жұмысшылардың алақаны арқылы жасалады» деген дана сөз еңбек адамдарының қоғам өміріндегі орнын айқын көрсетеді. Шын мәнінде, өркениетті алға сүйреп келе жатқан – темір ұстасы, трактор жүргізушісі, электрик, құрылысшы, дәнекерлеуші, байланысшы сынды күннің ыстығы мен суығында аянбай тер төгетін қарапайым жұмысшылар.

Үнсіз еңбек иесі



Аружан КҮНТУБАЙ



Қай кезеңде де жұмысшы мамандықтар қоғамның басты тірегі, ел экономикасының берік іргетасы саналды. Бұл түсінік уақыт өткен сайын өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі

танда да қарапайым еңбек адамдарына деген сұраныс пен құрмет арта түсуде. Өйткені елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, халықтың күнделікті тынысы дәл осы жандардың еңбегінің арқасында қамтамасыз етіледі.

→ 2





МЕМЛЕКЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ҚАДАМ



Айдар ҚАБАТАЕВ,
аудандық статистика
басқармасының басшысы.

Ауыл шаруашылығы санағы – бұл еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Санақ жүргізу және оның мерзімдері туралы шешімді Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қабылдады. Оны өткізу мерзімі ауыл шаруашылығы жұмыстарының маусымдылығын және ауыл шаруашылығы жылының қорытындылары бойынша өзекті деректерді алу қажеттілігін ескере отырып таңдалған.

Ауыл шаруашылығы санағына кімдер қатысады, біріншіден, бұл – мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы салаларында ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруа немесе фермер қожалықтарын қоса алғандағы, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер.

Екіншіден, жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер учаскелері бар жеке/немесе мал ұстайтын үй шаруашылықтары. Ашып айтқанда, бұл бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретіндер және тағы басқалар.

НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕР

Қазақстан Республикасының стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Жамбыл облысы бойынша департаментінің басшысы Сырым Мадиев мәлімдегендей, Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында онлайн және офлайн кезеңдерінде өтеді.

1 тамыз бен 20 қазан аралығында елімізде Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өтеді. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы туралы айтатын болсақ, 2006-2007 жылдардағы алғашқы ауыл шаруашылығы санағы өтті. БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (БҰҰ ФАО) халықаралық ұсыныстарына сәйкес, ауыл шаруашылығы санағы әр бес-он жыл сайын жүргізілуі керек. Бірақ Қазақстанда санақтың бұл түрі 2006-2007 жылдары ғана жүргізілді. Содан бері үлкен үзіліс болды. Ол кезде ауыл шаруашылығы санағы екі кезеңде жүргізілді – өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы. 2025 жылы барлығы бір мезетте өтеді.

Алдымен 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz. сайтында онлайн-сауалнама жүргізіледі. Бүгінде сайт санақ жұмысымен танысу үшін жұмыс істеп тұр. Заңды тұлғалар, фермерлер, үй шаруашылықтары – барлығы порталдағы санақ парақтарын қашықтан өз бетінше толтыра алады. Бұл әдіс өте ыңғайлы, сонымен қатар деректерді жинаудың тиімділігі мен сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Сайтқа кірген сәтте респонденттер жүйеге тіркеліп, ЭЦҚ, QR-код немесе СМС арқылы авторизациядан өтуі қажет. Сауалнама парағына кірген кезде кейбір жолдарда мемлекеттік органдардың деректер базасында бар көрсеткіштер көрсетіледі. Респондент көрсетілген көрсеткіштерді сол күйі қалдыра алады немесе оларды өзектендіре алады. Респондент толтырылған деректерін сақтап қойып, үзілістен кейін сол сауалнаманы толтыруын жалғастыра алатынын ескертеміз. Сауалнамадан өткеннен кейін респондент электрондық поштаға санақтан өткені туралы хабарлама алады.

Санақтан онлайн түрде өтуді ыңғайлы қылу үшін жергілікті әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімшелерінің ғимараттарында өзіне-өзі қызмет көрсету аймақтары ұйымдастырылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестер, жеке кәсіпкерлер мен шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдас-тырылған нысандары сауалнамадан сайтта өз бетінше өтуі тиіс. Қызметі мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен байланысы бар өндірушілер санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін Sanaq-Muzga виртуалды көмекшісіне жүгіне алады.

Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюросының байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде

– тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді.

Арада қалдырылған қосымша 20 күн сауалнаманы өз бетінше аяқтағандарды ескере отырып, үй шаруашылықтарының тізімдерін қалыптастыру үшін қажет.

Осылайша, санақ респонденттердің барлық санаттарын қамтиды және ақпарат жинаудың барынша толықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Санақ барысында облысымызда барлығы 129 мыңға жуық үй шаруашылығын және 34 мыңға ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспарланған.

Санақ қызметкерлері барлық респондентті қамтуға міндетті. Қатысудан бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Біздің сұхбат берушілердің атрибуттары-бейсболка, жамылғы, ауыл шаруашылық санағының символикасы бар портфель, планшет және QR коды бар куәлік.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені бұл – жай статистикалық шара емес, барлық азаматтарды қамтитын мемлекеттік маңызы бар іс.

Өкінішке орай, бұл зерттеудің маңыздылығын бәрі бірдей түсіне бермейді, халықтың мұндай есепке алудан қорқынышы бар. Қандай да бір себептермен, кейбіреулер бұл мәліметтер салық органына немесе басқа бақылаушы органға кетеді деп санайды. Есепке алу басқа мақсатта, атап айтқанда, анықтау үшін жүргізіледі.

Ұлттық статистика бюросы алынған деректердің құпиялығына және оларды қатаң статистикалық мақсаттарда пайдалануға кепілдік беретінін атап өткім келеді. Деректер респонденттің бастапқы деректерін ашпай-ақ, жиынтық түрде өңделеді және жарияланады. Бюро деректер салық немесе басқа мемлекеттік органдарға берілмейді деп растайды.

Соңы. Басы 1-бетте

Үнсіз еңбек иесі

Осындай азаматтардың бірі – Аса ауылының тұрғыны, өмірінің қырық жылға жуық уақытын байланыс саласына арнаған Жеңіс Әбдіғалиев.

1966 жылы Жамбыл ауданында дүниеге келген ол бала күнінен еңбекке бейім болып өсті. Ата-анасының қарапайым тұрмыс-тіршілігі мен еңбекқорлығы Жеңіс Сейдіғалиұлына үлкен өмірлік сабақ болды. 1983 жылы мектепті тәмамдаған соң әскер қатарына аттанып, азаматтық борышын абыроймен өтеп келді. Әскердегі тәртіп пен шыңдалу оны болашаққа нық кадам басуға үйретті.

1987 жылы Жеңіс Әбдіғалиев «Қазақтелеком» мекемесіне кабель дәнекерлеуші ретінде жұмысқа орналасып, содан бері 38 жыл бойы бір салада табандылықпен қызмет етіп келеді. Байланыс жүйесінің тұрақты әрі сапалы болуы – оның тікелей еңбегінің нәтижесі. Бұл мамандық сырт көзге қарапайым көрінгенімен, аса жоғары жауапкершілік пен төзімділікті талап етеді. Ауа райының қолайсыздығына қарамастан елді мекендердегі байланыс жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету – Жеңіс Сейдіғалиұлының күнделікті атқаратын міндеті. Кабель дәнекерлеушінің бір күндік жұмысы бірнеше ауылдың, тіпті бүтін бір ауданның байланыс жүйесін қалпына келтірумен тығыз байланысты. Бұл – көзге көрінбейтін, бірақ ел өміріндегі маңызы зор мамандық.

– Әр адам өз орнында адал қызмет етсе, қоғамның деңгелегі тоқтамайды. Мен – дәнекерлеушімін, бірақ соның өзі тұтас бір елдің тынысына әсер етеді. Жұмысшы болу, елге адал қызмет ету – кемшілік емес, керісінше, үлкен абырой. Жастар осыны түсінсе екен деймін. Елді көтеретін – еңбек. Ал еңбек ете

білетін адам – қай кезде де бағалы, – дейді ол.

Бұл сөз – өмірлік тәжірибеден туындаған шынайы пайым. Өйткені қазіргі заманның тыныс-тіршілігі дәл осындай мамандардың біліктілігі мен еңбегіне тәуелді.

1989 жылы шаңырақ көтерген Жеңіс Сейдіғалиұлы бүгінде бір қыз, екі ұл тәрбиелеп, он немересінің қызығын көріп отыр. Балаларына еңбекқорлықты, қарапайымдылықты, адалдықты үйретіп, өмірлік ұстанымын мынадай сөзбен жеткізіп отырады:

«Қандай мамандықты таңдасан да, адал бол. Мейлі құрылысшы, мейлі жүргізуші, мейлі дәнекерлеуші бол – ең бастысы, саған енетіндей болсын», – деп балаларының тәрбиесіне қатты мән беріп, оларды жақсы қасиеттерге баулуды маңызды деп санайды.

Жеңіс Сейдіғалиұлына «Қазақ-телеком» ұжымы да, ауылдастары да ерекше құрметпен қарайды. Бір салада үздіксіз еңбек етіп, кәсібіне адалдық танытқан мұндай азаматтар – қоғамға үлгі. Ол ешқашан марапат пен атақ үшін жұмыс істеген емес, басты мақсаты – елге адал қызмет ету.

Күн сайынғы тыныштығымыз бен тіршілігіміздің артында дәл осындай бейнетін бұлдамаған, маңдай терін елге арнаған жандар тұрғанын ұмытпауымыз керек. Қала мен ауылды байланыстырып, еліміздің түкпір-түкпірін заманауи байланыс жүйесімен қамтамасыз етіп отырған ұжымдағы әрбір жетістіктің артында Жеңіс Сейдіғалиұлы сынды мамандардың маңдай тері бар. Қазіргі уақытта жана технологиялар қарыштап дамығанымен, байланыс жүйесінің тұрақтылығы мен сапасы дәл осы көзге көрінбейтін, бірақ еңбегі ерен адамдардың қолында екені айкын.

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ

БІР УЫС МЕЙІРІМ – БҮТІН БІР ҚОҒАМНЫҢ ҮМІТІ

Жүректерге жылу ұялатқан, санаға сәуле сепкен бұл тағылымды тренинг – отбасы атты қасиетті ұғымның терең мәнін қайта жаңғыртқан ерекше жүздесу. Әділет пен мейірімге сүйенген қоғам тек берекелі шаңырақтан басталатыны тағы бір мәрте дәлелденді.

Аружан КҮНТУБАЙ



Таяуда Тастөбе ауылдық округінде «Мерейлі отбасы – әділетті қоғам» акциясы аясында ауыл әйелдеріне арналған мазмұнды семинар-тренинг ұйымдастырылды. Іс-шараны аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жанындағы «Отбасын қолдау орталығының» психолог мамандары Айжан Шалабай мен Динара Калиева және аудандық емхананың «Сенім» жастар орталығының психолог маманы Айзат Жамалова бірлесе өткізді. Семинар-тренингтің басты мақсаты – отбасы құндылықтарын нығайту, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, аналардың психологиялық сауаттылығын жетілдіру және отбасылық қарым-қатынасты жақсарту. Кездесуде көтерілген әрбір ой, айтылған әрбір сөз әйел-ананың жүрек түкпіріне жол тауып, олардың бойындағы ішкі күш пен сенімді оятқандай болды. Мамандардың жылы сөзі мен тәжірибеге негізделген жаттығулары көптің көкейіндегі сауалдарға жауап беріп қана қоймай, жан мен тән арасындағы үндестікті табуға септігін тигізді.

Іс-шара барысында сөз алған психолог Айжан Шалабай ата-ананың бала өміріндегі орнын жан-жақты түсіндірді. Ол өз сөзінде: «Бала – отбасының айнасы, біздің болашағымыз. Әрбір ата-ана оның бойына жақсы қасиет дарыту үшін алдымен өзінің іс-әрекетіне мән беруі керек. Егер біз үйде бір-бірімізге дөрекі сөйлеп, түсініспеушілік тудырсақ, бала да соны бойына сіңіріп алады. Ал татулық пен өзара сыйластық орнаған үйде бала өзін қауіпсіз, қорғалған сезінеді. Бұл – оның ертеңгі өміріне ең берік іргетас. Баланызға күн сайын «Сен мен үшін маңыздысың» дегенді сездіріп тұрыңыз. Бұл үлкен сөз болмауы да мүмкін, бірақ кішкентай әрекеттер арқылы жеткізуге болады: бірге уақыт өткізіңіз, сұрақтарына сабырмен жауап беріңіз. Сонда бала өзін бағалайды, өзіне сенеді. Балаға тек материалдық жағдай жасау жеткіліксіз, оның жүрегіне махаббат пен сенім ұялату керек», – деп кеңес берді.

Келесі кезекте психолог Динара Калиева ата-аналар баланың жан дүниесіне терең үнілуі қажеттігін ерекше атап өтті. Ол: «Балаға біз талап қоямыз, бірақ оның ішкі жан

дүниесін түсінуді ұмыт қалдырамыз. Көп жағдайда баланың жанайқайын, қорқынышын мен қуанышын байқай бермейміз. Ал ол бізден түсіністік күтеді. Баланың қателік жіберсе, оған айқайлап жазалау емес, қателігін түсіндіру арқылы жол көрсеткен жөн. Баланы тыңдай білген ата-ана ғана шын мәнінде тәрбие бере алады. Кейбір балалар ата-анасымен сырласудан қашады, өйткені оларды тыңдамайтынын сезеді. Ал егер балаңызбен күн сайын сөйлесіп, оның уайымын бөлісіп отырсаңыз, ол сізге сенеді, өзінің ең қиын сәттерінде де жаныңыздан табылады. Бұл – тәрбие берудің ең мықты жолы», – деп ойын түйіндеп, ата-аналарға отбасындағы ашық өңгіме мен сенімді қарым-қатынастың артықшылығын мысалдармен жеткізді.

Аудандық емхананың «Сенім» жастар орталығының психолог маманы Айзат Жамалова да әйелдер қауымына отбасындағы психологиялық ахуалдың бала тәрбиесіне әсерін кеңінен түсіндіріп өтті. Оның айтуынша: «Бала ең алдымен ата-анасының қарым-қатынасына қарап өседі. Егер үйде дау-жанжал жиі орын алса, балада қорқыныш сезімі қалыптасады. Бұл оның болашақтағы мінез-құлқына тікелей әсер етеді. Аланың мейірімі мен әкеңіз қамқорлығы балаға сенім мен махаббат сыйлайды. Бұл – оның өмірлік қорғаны. Балаға көбірек жылы сөз айтыңыздар. Мәселен, күн сайын «Сен жақсысың», «Сенің қолыңнан бәрі келеді» деген сөздер оның өзін-өзі бағалауына үлкен әсер етеді. Ата-ананың сенімі – баланың қанатына қуат беретін күш. Баланы тым қатал ұстау да, шектен тыс ерекшелік де дұрыс емес. Тәрбиеде тепе-теңдікті сақтау қажет», – деп әйелдерге күнделікті өмірде баланы психологиялық тұрғыда қолдау тәсілдеріне тоқталды.

Семинар-тренинг соңында қатысушылар арнайы ұйымдастырылған психологиялық жаттығуларға қатысып, ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату жолдарына ден қойды. Қатысушылар өз тәжірибелерін ортаға салып, бала тәрбиесі бойынша туындаған сұрақтарын мамандарға қойып, нақты кеңестер алды. Жиын қорытындысында мамандар қатысушыларға арнайы әдістемелік парақшалар таратып, баланың жас ерекшеліктеріне сай тәрбие беру жолдары мен отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың маңызы туралы толыққанды ақпараттар берді.

ӨҢІРДІҢ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ҚАНДАЙ?

Ал, аудандық бюджеттің жоспарланған шығыс бөлігі нақты 7,3 млрд теңгеге немесе 99,7 пайызға игерілді. Аудан бойынша автомобиль жолдарын 1,2 млрд теңгеге жөндеу және қалыпты жағдайда ұстап тұру жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде аудандық мәндегі 22,1 шақырым жол жөндеуде.

2025 жылы ауылшілік жолдарды жөндеу бойынша 627,1 млн теңгеге жалпы ұзындығы 15,2 шақырымды құрайтын 15 жоба іске асырылуда.

Келесі жылдың бюджетіне енгізуге ұсынылатын ауылшілік жолдарды жөндеу бойынша сметалық құжаттамалары мен мемлекеттік сараптамаларын мерзімінде әзірлеу жұмыстарын ұйымдастыру қажет. Аудандағы 31 елді мекеннің 30-ы орталықтандырылған ауызсумен немесе жалпы тұрғындардың 99,4 пайызы ауызсумен қамтылған.

Жаңаөткел ауылындағы ауызсу жүйесінің құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Өрнек-Жұма ауылдарында ауызсу жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін аталған нысан пайдалануға берілсе, қамту деңгейі 100 пайызға жетеді.

Аудандағы 31 елді мекеннің 27-сі табиғи газ жүйесімен қамтылған.

Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат елді мекендерін магистральды газбен қамту жобасы аяқталды.

Тоғызтарау, Жаңаөткел, Құмсуат, Сеңгірбай елді мекендерінің ауылшілік газбен қамту және Сеңгірбай ауылына дейін магистральды газ құбырының құрылыс жұмыстары аяқталуда. Аталған жобалар іске асырылса, қамту деңгейі 100 пайызға жетеді.

Бүгінгі таңда 11918 адам жер телімін алуға кезекте тұр. Биыл 1721 телім беріліп, тек 24,2 пайызы ғана құрылыс жұмыстарын бастаған. Сондай-ақ, 266 телімнің мерзімі өтіп кеткен. Әкімдіктер тарапынан бақылау мен кері қайтару жұмыстары күшейтілуі қажет.

Ұлттық жоба аясында жыл басынан 2485 адам жұмыспен қамтылған. Бұл жоспардың 58,4 пайызын құрайды.

Дегенмен, нәресте өлімі (4 жағдай) мен наркологиялық ауықтулар (37 жағдай) көбейіп отыр. Орталық аурухана ғимаратының тозуына байланысты жөндеу жобасы әзірленгенімен, әзірге қаржылық қолдау таппады.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы аясында 12 жоба жүзеге асырылуда. Қызылқайнар ауылындағы мәдениет

үйі пайдалануға берілсе, Тастөбе мен Бесағаш ауылдарында құрылыс басталды.

Ауданда 96 қылмыс тіркеліп, көрсеткіш 12,7 пайызға төмендеген. Алайда, жол-көлік оқиғалары күрт өскен – 54 оқиға тіркеліп, 7 адам қаза тауып, 97 адам жарақат алған. Алдыңғы жылмен салыстырғанда жарақат алғандар саны екі еседен астам көбейген.

2025 жылға «Атапат» партиясының Жол картасы бойынша 55 іс-шара жоспарланып, оның 22-сі орындалды. 29-ы орындалу үстінде, 4-еуі орындалмау қаупінде. Атап айтқанда, инвестициялық жоба – «Орғетрой» ЖШС қаражат тапшылығынан тоқтаған; аудандық аурухана жөндеуі – қаржы жоқтығынан кейінге қалдырылған; талшықты-оптикалық байланыс пен жас кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру – жоғары деңгейде шешуді қажет етеді, – деді бөлім басшысы.


Сонымен қатар мәжілісте басқа да мәселелер қаралды.

Жиынды қорытындылаған Нұрлан Күлербайұлы ауылдық округ әкімдеріне, тиісті сала басшыларына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ – 180

Бүгінде М.Әуезов пен М.Мырзахметұлының зерттеулері арқылы Абай шығармаларындағы Толық адам туралы ой желілерін біршама білгірлікпен байыптай алатын халге жеттік. Алайда мұның терең төркіні мен желілі жүйесін, хакім қалыптаған болмысын жете танымай, науқаншылдықпен насихаттаушылық та бар. Толық адам ілімі – Абайдың өзіне дейінгі адамгершілік іліміне сүйене жүріп, заманының да талабынан туындатып, өзі жырлап, өзі қалыптап жасаған төл танымы.

Ол ең әуелі Қайратты (күш-қуат, талап, еңбек) көмекші, жәрдемші етумен Ақыл (оқу, білім-ғылым, ой-сана) арқылы Жүрек жолымен (әділет, ар-ұят, мейірім, рақым, сүю) жетіле беруді танытады. Философиялық танымдағы атакты категориялардың бірегей жұбы – құбылыс пен мән. Құбылыс – нәрсенің, мәселенің жалпы болмысы мен көрінген нобайы болса, мән – сол бар болмыстың өзін, түпкі мәні мен өзегін танытар паркы мен қасиеті. Осы тұрғыдан келгенде, Толық адам ілімі – ақынның адамгершілік жайлы өзекті ойларының жалпы жиынтығы, гуманистік ойлардың бәрін қамтыған құбылысы деуге келеді. Адамгершілік жайы әуелі Толық адам ілімі түріндегі құбылыс қалпымен көрініп, арадағы жауанмәртлік ілімін өткел етіп, ең түпкі мәні – махаббат пен әділет, ізгілік пен сүюге, яғни жүректің басты қасиеті үш сүю, иманигүлге дейін дамып ұштала береді. Абайда жетілген, кемел, толық адамның мәні мен негізіне, түпкі өзегіне бет алып, тереңдей түскен осындай бір жүйе (система) бар. Сол жүйенің жетіле келіп жеткен жері әрі биік белесі – сүю, иманигүл – жүсі сүю. Адам-пенденің өмірде қызығатын, соңына шырақ ала түсіп ұмтылатын, есті-ессіз сүйетін қызық, қуаныштары сансыз көп болса да, Абай өзі тұжырымдап, өзі түйіндеп



жырлаған және өзіндік ілімі мен қалыбына айналдырып жасаған иманигүл-үш сүю танымы арқылы оқымандары мен тыңдаушыларын Алла мен адамзатты және әділетті сүюге шақырған. Бұл – өзіндік адамгершілік ілімі – Толық адам танымының ең биік шыңы. Толық адам – тәнімен де, жанымен де жетілудің мүмкін болған шыңына жетіп, кемеліне келген адам. Ақын жырлаған ақыл мен жүрек (жан) және қайрат (тән) адамның рухани және тәни бөліктен тұратын қоспа жаратылысы мен бекзат болмысын толық әрі түгел етумен бірге, оның өзіне ғана тән, өзіне ғана тиесілі асыл адамгершілігін де толық, жетілген, кемел етеді.

Абайдағы адамгершілік туралы ойлардың бәрі де осы Толық адам танымының қойнауы мен аясынан

бастау алып, өрісін кеңейте дами береді. Тәндегі бұлшық еттен бастау алатын қайраттың (күш-қуат) да адам болу мен адамгершілікке қатысы бар, мұны «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек», «Әсемпаз болма әрнеге», «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мактап» өлендері мен 17-қарасөзіндегі ақын ойларынан айқын байқауға болады. «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңі туралы М.Мырзахметұлы былай деп жазған: «Абайдың 1889 жылы өленді барынша өндіре жазған жылдары дүниеге келген «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» деген өленінде-ақ адам бойындағы ақыл, қайрат, жүрек жөніндегі күрделі ұғымға алғаш рет ерекше назар аударып, ой толғай бастайды».

...Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.
...Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің

жөнінбілмек.
Абай адамның жануармен ортақ жалпы жаратылысын да, оның өзіне ғана тән адамшылық, адамгершілік болмысын да осылайша түгелдеп толық етіп алғаннан кейін, әрі қарай басты арманы мен мақсаты – адам жаратылысындағы асыл адамгершіліктің нақты өзіне, оның мәні мен өзегіне қарай дендеп ене бастайды. М.Мырзахметұлы ізерлей зерттеп танытқанындай, осы жолдағы ақынның алғашқы «аялдмасы» – өзі тауып, өзі түйіндеп жаңғыртқан жауанмәртлік ілімі. Бұл ілімде толық адамдағы үш қасиеттің екеуі ғана қамтылған, яғни жауанмәртлік сипаттарына – ақыл мен жүректен шығатын: ақыл және әділет пен рақым қасиеттері жатады. Осылайша, ақынның Толық адам атты адамгершілік танымның өзегі мен мәніне қарай бет алған қалпын көреміз. Яғни «малда да бар жан мен тән» түріндегі қайратпен, яғни жаны бар дене, жанды тәнмен салыстырғанда, жауанмәртлікті құрайтын ақыл, әділет, рақым – тек адамда ғана бола алатын өзіндік адамгершілік қасиеттер. Абай адам болуда қайраттың – «малда да бар» болатын төмендік, шектеулі сипатын айтып, тіпті ақылдың да «әуелде бір суық мұз», «біле алмай бір тәңіріні болдыратын», «жаксының да, жаманның да іздегенін тауып беріп жүретін» кемшілігін «термелеп» кеткендегі мақсаты – оларды (қайрат, ақыл) керексіз, қажетсіз көру, төмен санау ғана емес, қайта адам болу мен адамгершілікті жетілдіруде атакты үш қасиеттің (ақыл, жүрек, қайраттың) қайсысы айрықша артық, қайсысы ерекше асыл, соның жайын анықтау, яғни адамгершілік қалып пен көп қасиет-

тің өзегі мен мәніне үңіле түсу болған. Жауанмәртлік ілімінде толық адамдағы үш қасиеттің екеуі ғана қамтылса, иманигүл-үш сүюде жалғыз ғана жүрек қалады. Бұдан байқайтынымыз, адам болу мен адамгершілікті жетілдіруде әрі ақиқатты біліп, хакты тануда ең биік, мәртебелі орында жүрек тұрады екен. Адамдықтың басты белгісі – Ақылдың өзін Жүректегі ынта мен ықылас, сүю оятады: «Талап, ұғым махаббаттан шығады», «Махаббат – әуел адамның адамдығы», «Жүректе қайрат (ынта, ықылас, сүю) болмаса, ұйықтаған ойды кім түртпек», «Ақылмен хауас (Жаратушы) барлығын білмейдүр, жүрек сезедүр». Жүрек пен одан шығар сүюді бәрінен жоғары санау ең берісі Сократтан бері жалғасып келеді. Әл-Фарабидің де ұлы махаббатты, алғашқы сүюді Бірінші Тұлға, Алламен сабақтастырып, сүюдің өзі тіршілік пен Барлықтағының бәрінен де биік тұратынын әбден шегелей тұжырымдайтыны бар. М.Мырзахметұлы айқындап бекіте түскеніндей, Абай танымында да жүрек культі басым болып келеді. Дін, сопылық, ғылым (Әл-Фараби) үшеуінде де жүрек – Алла, Бірінші Тұлға, ақиқат пен асыл адамгершілікке бастаушы әрі рухани жетілуді адам үшін мүмкін болар шыңына жеткізіп түйіндеуші рухани құбылыс. Абайдың өзіндік адамгершілік ілімінде Толық адамның мәні мен өзегіне, түп негізіне тарта беретін желілі жүйе бар.

Ақыл, Жүрек (жан), Қайрат (тән) үшеуінің «бір кеудеден табылып», одан Толық адам ілімі туатын танымы – ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығындағы өзі ізденіп жеткен төл табысы. Ең берісі Әл-Фараби және Ж.Баласағұн мен А.Ясауи армандаған қайырымды қала мен ізгіліктің қоғам Абай жырлап, Абай тұжырымдап тапқан «Толық адам ілімі» арқылы ғана өмірлі болып орнамақ.

Мақсат ӘЛІПХАН,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ
доценті.

НҮРПЕЙІС БАЙҒАНИН – 165

XX ғасырда құндылығын жоймаған халық ауыз әдебиетінің ірі өкілі, ақын, жыршы Нұрпейіс Байғаниннің туғанына биыл 165 жыл толып отыр. Шынында да оның тұлғасы – ұлт әдебиеті тарихындағы ғажап құбылыс. Өмірі де, шығармашылығы да ерекше. Арнайы алған білімі болмаса да, ең бастысы, Ұлы даланың өмірлік, жыршылық, жыраулық өнер мектебінен өткен ол туа біткен талантымен елге танылып, ақын есімін бүкіл кеңес одағы білді.

Нұрпейіс Байғанин атакты ақын-жыраулар мен батырлар өткен өлкеде, қазіргі Ақтөбе облысының Байғанин ауданында өмірге келген. Ақындық өнерді алғаш рет сол өңірге әншілік, ақындық, домбырашылық талантпен белгілі болған өз анасы Үміттен үйренеді. Бозбала шағында ел аузындағы қисса-дастандарды жұртшылық алдында орындап, бала жыршы атанады. Батыс Қазақстанның Орал, Атырау, Маңғыстау өңірлерінде жыршылық өнерімен танылып, Абыл, Нұрым, Шернияз, Қашаған сияқты атакты ақын-жыраулардан үлгі алады, олардан батырлық жырларды үйренеді.

Нұрпейіс Байғанин «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Құбығұл», «Төрхан», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» сияқты халық сүйіп тыңдаған батырлық және ғашықтық жырларды жас кезінен жаттап алып, кейбір жырларды бүгінге жеткізген атакты жыршы.

«Қобыланды батыр» жырының ел арасында кең тараған отызға жуық нұсқасы болса, Нұрпейіс жырлаған осы эпостың түрі басқа ақын-жыршылар айтқан нұсқалардан көлемі үлкен, оқиғалы, мазмұнды шыққан. Сол себепті Байғанин нұсқасы әлемдегі бірегей басылым ретінде танылған жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 36-томына енді.

Нұрпейіс Байғанинді басқа ақын, жыршылардан оқшауландырып тұратын өзгеше қасиеті – ол эпостық жырлар мен қисса-дастандарды шебер орындаған жыршы, әрі талантты суырып салма, эпик ақын. Көрнекті ақын, әдебиет зерттеуші Ә.Тәжібаев өзінің «Жылдар, ойлар» атты кітабында Нұрпейіс Байғаниннің дарын

ерекшеліктері туралы тамсана жазады. 1943 жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен КСРО ҒА Қазақ филиалы қарамағындағы Тіл және әдебиет институты (қазіргі Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты) Нұрпейісті сонау Ақтөбеден арнайы шақырып, Әбділда Тәжібаев үйіне қонақ қылады. Сонда ол сан қырлы талантына таңданады. «Біз әдетте «Қырымның қырық бағырын» Мұрын жырау айтты дейміз. Ол рас, бірақ бұл батырларды айтқанда Нұрпейісті де бір кезде ұмытпауымыз керек. Нүрекөз өзінің «желісінде» осы батырларды жырлайтынын да айтты. Өрине, Мұрыннан Нұрпейістің айырмасы бар. Мұрын «Қырық батырды» жырлаудан аспай қалған (бұл азсынғанымыз емес, шындығын айту). Бұл жағына келгенде орыстың сказительдерін еске түсіреді. Ол – үні жаксы, ұзақ дастандарды жадында берік сақтаған, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуге ұлы еңбек сіңірген ғажайып адам. Бірақ өзі көп білетін бай жырларға өз ақындығын сабақтастыруға онша құлшынбаған. Ал Нұрпейіс тіпті басқаша жаратылған жан. Ол жастай үйренгендерін бүгінге жеткізудің үстіне, өзінің келелі ақындығына да кең жол ашқан. Халық аузындағы «Нарқыз», «Ақкенже» сияқты қызықты аңыз әңгімелерді өз тарапынан, өз атынан жырлап, оқиғаларын да ұзарта толықтырып, меншікті поэмаларына айналдырған. Сонда ол бұл поэмалардың қаһармандарына бүгінгі тұрғыдан қарап, бүгінгі рухтағы қуат беруді де ұмытпаған», деп Нұрпейістің жыршылық, жыраулық, ақындық қасиеттеріне ерекше тоқталады.

Ол заман шындығын көрсеткен «Кектің дауысы», «Қазақбаймен айтсы» атты көлемді жырлар мен өмірдің келенсіз құбылыстарын сынаған сатиралық өткір де қысқа өлендер шығарған. Жыр дүлдүлі, әсіресе, халқымыздың кеңестік замандағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени жетістіктерін шабыттана жырлады. 1939 жылы Москеудегі Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесінің ашылу салтанатына қатысып, туған өлкесі Қазақстанға



деген шексіз сүйіспеншілігін, оның әсем табиғаты мен кен байлығын, өркенді өндірісін жырға қосып, жаңа заманға ілесіп, жаңа үрдіспен дамыған халқының жарқын бейнесін суреттейді. «Ғажайып көрмеде», «Өнімдегі жұмбақ», «Қазақстан», «Ұлы Отанның сүйікті ұлы болындар» және басқа өлең-жырлары – осындай тың шабыттан туған отансүйгіштік шығармалар.

Нұрпейіс Байғанин, әсіресе, Отан қорғау туралы көп жырлаған ақын. Ол шығармашылық жағынан әбден толысып, елге кеңінен танылған кемел шағында Ұлы Отан соғысы басталды. Бүкіл жұртшылыққа үлкен сын болған ауыр кезеңде қарт ақын жасының ұлғайғанына қарамастан ортақ Отанға төнген қауіпті өзінің туган өлкесіне тиетін қатердей сезініп, жүрекжарды жырларын жауға қарсы қару етті, заман ағымына сай отаншыл рухтағы өткір өлеңдерге өзгеше өн берді, өзгеше үн қосты. Ақынның соғыс жылдарындағы өлең-жырлары мен эпикалық шығармалары Отан қорғау тақырыбында. Жауынгерлердің жаниқярлық ерлігін, халықтың қаһармандық күресін шебер бейнеледі. Ақынның нағыз талант шыңына көтерілген шағы осы түс еді.

Қарт ақын ерлік көрсеткен

атақты батырлар туралы көлемді эпикалық дастандар шығарумен де әйгіленді. «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» дастандары Кеңес Одағының батырлары, атакты 28 панфиловшының бірі Нарсұтбай Есболатов пен әйгілі батыр Төлеген Токтаров ерліктерін дәріптеуге арналса, «Капитан Гастелло» дастаны ерлікпен қазта тапқан қаһарман ұшқыштың батырлық әрекетін баяндайды. Ақын нағыз батырлар туралы бұл шығармаларында эпостық дәстүрлерді шебер пайдалана білген.

Ақын шығармаларының үлкен белелге ие болғаны соншалық, тіпті сұрапыл соғыс жүріп жатқан кезде Н.Байғаниннің «Қазақстан майданға» өлеңінің негізінде Алматы көркем және хроникалы фильмдер студиясы осы атпен деректі киноочерк түсірген. Бұл фильмді халық майданда да, тылда да үлкен ризашылық сезіммен көріпті.

1938 жылдан бастап Нұрпейіс Байғанинге де әдеби хатшылар белгіленді. Қазіргі Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты басылығының себепкер болуымен ақынмен алғашында Ахмет Ескендіров деген талантты ақын жұмыс істеген, ол соғысқа кеткен соң Мариям Хакімжанова, Қуандық Шаңғытбаев

және басқа ақындар Нұрпейіс шығармаларын бірден ұқыпты түрде қағазға түсіріп отырған. Ең үлкен өкініш – Нұрпейіс жырлаған «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан» және басқа көптеген жыр жазып алынбаған. Ақынның өзі бұл жөнінде: «Суырыпсалма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ғой, өзеннің ағысын ұстап бола ма, біздің өлендеріміз де сол сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тақ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды», деп ашығын айтқан екен.

Түркі әлемінің тұғырлы тұлғасы, башқұрт халқының ұлт көсемі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы, ғалым Ахмет Зәки Уәлиди Тоған «Естеліктер. Түркістан халықтары мен басқа шығыс мұсылман түріктерінің ұлттық болмысы мен мәдениетін сақтау жолындағы күресі» атты кітабында: «Біз әкемнің өте бай екі қазақ досында бірнеше күн бойы қонақта болдық, олардың есімдері Найза және Нұрпей қажы еді. Нұрпей қажы әкеммен түйдей құрдас болатын, кейінірек ол екеуі Меккеге қажылыққа бірге сапар шекті. Нұрпейдің тұрғылықты мекені Троицкіден шығысқа қарай, Еркарағай деген жерге қажын орналасты... Нұрпей қажы көптеген халық дастандарын жатқа білді, ерекше талантты ақын болатын. Мен ол кісіден оның біршама өлеңін жазып алдым. Кеңестік билік орындары егде жастағы қазақ ақыны Нұрпейіс Байғанин олардың пайдасына насихат жүргізіп жатқанын жазды. Оның кейбір туындылары тіпті радио арқылы да берілді. Кейін мен бұл ақын Байғаниннің басқа ешкім де емес, дәп біздің Нұрпей қажы екенін кездейсоқ анықтап білдім. Ол нағыз мұсылман және өз халқына шынайы берілген адам болатын. Ол ұлы «Қобыланды» дастанының ең толық та жетілдірілген нұсқасын біліп, жатқа айтты» деп ақын талантына жоғары баға беріпті. Бұл естеліктен бұған дейін айтылмай келген маңызды дерек – Нұрпейіс Байғаниннің қажы болғанын аңғарамыз. Үнемі іздену, үйрену, өсу, өркендеу жолында халық поэзиясын үлкен биікке көтерген жыр жүйірігі ұрпақтар жадында мәңгі сақталады.

Серікқазы ҚОРАБАЙ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, профессор.

НАЗАРДА – НЫСАНДАР

Жеңғыру жолындағы жарқын көріністер

«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өшпейді» дейді дана халқымыз. Бұл тәмсіл адал еңбегімен елге қызмет еткен тұлғаларға ғана емес, қоғам өмірін қалт жібермей, шынайы ақпарат таратып жүрген журналистер қауымына да тікелей қатысты. Себебі, қалам иелерінің жазған әрбір мақаласы – уақыттың айнасы, ел дамуының шежіресі, халық пен билік арасын жалғайтын алтын көпір.

Аружан КҮНТУБАЙ



Жуырда ауданда бұқаралық ақпарат өкілдеріне арналған пресс-тур ұйымдастырылып, тілшілер өңірдің әлеуметтік, мәдени және өндірістік бағыттағы маңызды нысандарды аралады. Шараның негізгі мақсаты – жергілікті атқарушы органдар мен тұрғындар арасындағы байланысты нығайту, аймақта атқарылып жатқан жұмыстардың барысын ақпарат арқылы кеңінен таныстыру болды. Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, халықтың әл-ауқаты, жаңа бастамалар мен игі жобалар республикалық және өңірлік БАҚ өкілдерінің назарына ұсынылды. Сапар барысында журналистер ауыл шаруашылығы бағытындағы бірнеше кәсіпорында болды. Оның ішінде ірі мал бордақылау кешені, сүт фермасы және агроөнеркәсіптік жобалар ерекше назар аудартты. Ауыл еңбеккерлерінің тынымсыз тіршілігі, өндірістің қазіргі жағдайы мен даму әлеуеті жайлы толық ақпарат берілді. Бұл өз кезегінде тілшілер қауымының аймақтағы нақты ахуалды тереңірек түсінуіне мүмкіндік берді.

Баспасөз туры аясында журналистер ең әуелі Ш.Ниязбеков ауылындағы салынып жатқан мәдениет үйі мен аудандық мұрағат ғимаратына аялдады. Кезінде жұпыны ғана көрінетін бұл нысандар бүгінде заманауи талаптарға сай қайта жаңарып, тұрғындарға игілік сыйлап отыр. Әр бұрышында тарихтың ізі мен ұлт рухының лебі сезіледі. Құрылыс алаңында оларды аудан әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің басшысы Жақсыбек Исаков қарсы алды.

Оның айтуынша, мәдениет үйі заманауи талаптарға сай салынып жатыр. Ғимарат толық іске қосылған соң, ауыл жастары өнерін ұштап, шығармашылықпен айналыса алатын кең мүмкіндікке ие болады. Хореография, вокал, домбыра, көркем сөз үйірмелері, кітапхана – барлығы осы кешенге топтастырылады.

– Бұл нысандар – ауылдың рухани



тірегіне айналатын маңызды жобалар. Мәдениет – ауыл дамуының негізі. Ал мұрағат – ұрпаққа аманат болатын өткен тарихтың қазынасы. Бұл нысандардың сапалы әрі мерзімінде аяқталуы – аудан басшылығының басты назарында, – деді Жақсыбек Сағымбекұлы.

Содан кейін олар Көлқайнар ауылдық округіндегі «АУ KUS» ЖШС құс фабрикасына барды. Бұл – аймақ үшін маңызды зор агроөнеркәсіптік жоба. Фабриканың жалпы құны 917 миллион теңгені құрайды. Мұнда бір мезетте 250 мың тауық пен 270 мың балапан өсіріліп, жылына 70 миллион дана жұмыртқа өндіріледі. Бұл – тек аудан емес, облыс аумағына жеткізілетін маңызды өнім көзі.

Кәсіпорын жұмысы жайлы Көлқайнар ауылдық округінің әкімі Асылбек Қонаров пен аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Береке Нәсіпбекұлы жан-жақты ақпарат берді.

– Кәсіпорын толығымен автоматтандырылған. Тауықтар арнайы климаттық жүйеде өсіріледі. Жұмыртқалар толық желі арқылы сұрыпталып, буып-түйіледі. Қазіргі таңда мұнда 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Бұл – ауыл тұрғындары үшін үлкен мүмкіндік, – деді Береке Нәсіпбекұлы.

Журналистер құс фабрикасының жұмыс жүйесін өз көздерімен көріп, жұмыртқа өндірісінің әр кезеңімен егжей-тегжейлі танысты. Заман талабына сай жабдықталған кешеннен ауыл тірлігінің өзгеріп, ілгерілеп келе жатқаны аңғарылды.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері келесі кезекте «АТБ» мал шаруашылығы кешенінің жұмысымен танысты. Мұнда шетелден әкелінген сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі кара мал өсіріліп жатыр. Заманауи технологиямен жабдықталған кешенде әрбір сиыр тәулігіне 20 литрге дейін сүт береді. Бұл өнім аудан халқының

сүтке деген сұранысын толық қамтып отыр.

Кешеннің барлық құрылымы, сиыр сауу, жемшөппен қамтамасыз ету және дайын өнімді сақтау сынды барлық кезеңдері көрсетілді. Автоматты жүйе малдың сауын уақытын, денсаулығын бақылап, деректерді базаға тіркеп отырады. Бұл – өнімділікті арттырумен қатар, тиімділікті де еселей түсетін технология.

Ауыл шаруашылығы саласының үздіктерінің бірі «Надежда» шаруа қожалығы болды. Бұл – егіншілік пен мал шаруашылығын қатар алып жүрген, өңірдің экономикасына елеулі үлес қосып отырған іргелі қожалық.

Қожалықтың жұмысы мен журналистерді аудан әкімдігі ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бауыржан Токтасинов таныстырды. Ол шаруашылықтың қазіргі ахуалы, жер көлемі, техникалық жабдыкталуы, өнім көлемі жайлы толық ақпарат берді.

– Бұл қожалық – қарапайым еңбек пен жаңа технологияны үйлестіре білген тәжірибелі ұжым. Мұнда ауылдың өркендеуіне үлес қосып жүрген жүзден аса адам тұрақты еңбек етеді. Қожалықтың үлгісінде басқа ұсақ шаруашылықтар да дамып келеді, – деді ол.

Журналистер диқандармен тілдесіп, өнім түрлерімен және сақтау қоймаларымен танысты. Көңіл қуантатыны, жер емген еңбек адамының тынымсыз тірлігі нақты нәтижеге ұласып отыр.

Пресс-тур соңында журналистер ауданның әлеуеті мен даму бағытындағы бастамаларға оң баға берді. Қағздағы есептен гөрі, көзбен көріп, жүрекпен сезіну арқылы құрылған бұл таныстырылым ауданның болашаққа нық қадаммен бет алғанын көрсетті. Қалам ұстаған қауым үшін бұл тың ой, жаңа тақырып, болашақ материалдарға арқау болары анық.

ПРОФИЛАКТИКА

27-29 шілде аралығында еліміз бойынша Ішкі істер министрінің тапсырмасына сәйкес «Түнгі қаладағы балалар» атты жедел-профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Бұл бастама аудандық полиция бөлімінің ұйытқы болуымен жергілікті жерде де кең көлемде жүргізілді.

ТҮНГІ БЕЙБЕРЕКЕТ ЖҮРІСТІ ТОҚТАТУ КЕРЕК

Шараның басты мақсаты – кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың қылмыс пен тәртіпсіздіктің алдын алу. Сонымен қатар, жастардың түнгі уақытта бейберекет жүрісін бақылау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтық сауаттылығын арттыру көзделді.

Рейдтік шаралар аясында полиция қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар, білім беру мекемелері және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен бірлесіп, жасөспірімдердің жиі шоғырланатын орындары – саябақтар, кафе-барлар мен ойын-сауық орталықтарын аралады. Нәтижесінде, түнгі мезгілде ата-анасының немесе заңды өкілінің қарауынсыз жүрген бірнеше жасөспірім анықталды.

Құқық қорғау органдары мұндай жағдайлардың қайталанбауы үшін ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жасөспірімдерге құқықтық кеңестер берді. Сонымен қатар,

профилактикалық әңгімелер барысында балалардың бос уақытын тиімді өткізу, спорттық және шығармашылық үйірмелерге қатысу туралы ұсыныстар берілді.

Аудандық полиция бөлімінің мәліметінше, үш күнге созылған іс-шара барысында бірқатар құқық бұзушылықтың жолы кесіліп, заңға сәйкес әкімшілік хаттамалар толтырылды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасын табады.

Қоғам болып жұмылып, жас ұрпақтың тәрбиесіне бейжай қарамай, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Осындай бірлескен іс-шаралар арқылы келешек ұрпақтың тәртіпті де заңға бағынушы азамат болып өсуіне жол ашылмақ.

Мадияр ДҮЗЕЛБАЕВ,
Жамбыл аудандық полиция бөлімі ювеналды полиция тобының аға инспекторы.



ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАРБЫЗ БЕН ҚАУЫН САТЫП АЛАРДА НЕНІ БІЛУ ҚАЖЕТ?

Жаздың тіл үйірет көкөнісін сатып аларда санитариялық дәрігерлердің кеңестерін ескерген жөн. Тұтынушылардың басым көпшілігі ерте бақша өнімдеріндегі нитрат мөлшеріне аса мән бермейтіні және қаншалықты қауіпті екендігін ескере бермейтіні жасырын емес.

Егін кәсібімен айналысушылар өнімді ерте әрі көп мөлшерде жинау мақсатында нитрат қосады. Тыңайтқыштың аз мөлшерінің біздің ағзамызға зияны жоқ, дегенмен, егер дозасы шектен тыс көп қосылған жағдайда адам денсаулығына өте қауіпті. Ағзаға түскен нитраттар тотығу үдерісінің нәтижесінде нитриттерге, яғни уға айналады. Бұл әсіресе, балаларға, егде жастағы адамдар мен жүкті әйелдерге өте қауіпті. Ал, оның шектен тыс мөлшері улануға, кей жағдайда адам өліміне де әкелуі мүмкін.

Кез келген көкөністі, жеміс-жидекті пісу маусымына сәйкес сатып алу керек. Қауын мен қарбыз үшін шілде-қыркүйек айлары пісу уақыты болып есептеледі. Қарбыз-қауынды сатып алмас бұрын оны кесіп алып, дәмін тату дұрыс емес. Себебі күнұзақ қауын-қарбыздың сыртына жиналған зиянды заттар оның ішіне енуі мүмкін. Пышақтың тазалығына да ешкім кепілдік бере алмайды. Қарбыз бен қауынды сатып алмас бұрын қабығының бүтіндігіне назар аударыңыз. Көп жағдайда көкөністің шұңқыр пайда

болған жерінің ішкі жұмсағы ашып кетеді. Мұндай сызаттар қарбыз-қауынды тасымалдау кезінде пайда болады.

Халық жиі тұтынатын бірнеше жеміс-жидектің нитрат мөлшерін аудан тұрғындарының назарына ұсынамыз: алма, мандарин, құлпынай 60 мг/кг, қауын 90мг/кг, қарбыз 60 мг/кг, қызанақ 500мг/кг, кияр 400мг/кг, банан 200мг/кг. Тұтынушы ретінде сатылатын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттарды (декларацияны) сұратуға құқықтарыңыз бар.

Ғабит ӘБДІЛЛА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.



САҚТАНСаң – Сақтайды

САЛҒЫРТТЫҚ ҚАЙҒЫ ӘКЕЛМЕСІН

Жыл сайын жаз мезгілінде балалардың ашық терезеден құлап кету оқиғалары жиілеп барады. Мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін еліміздің түрлі аймақтарында «Қауіпсіз терезе» атты әлеуметтік акциялар ұйымдастырылуда.

Акцияның басты мақсаты – ата-аналар мен қамқоршылардың назарын терезеден құлау қауіпіне аударып, алдын алу шаралары туралы ақпарат беру. Себебі мұндай оқиғалардың көпшілігі ата-аналардың салғырттығы мен терезе қауіпсіздігін қамтамасыз етпеу салдарынан орын алады.

Балалар – қызығушылығы басым, қоршаған ортаны зерттеуге құмар. Олар үшін ашық терезе – жай ғана ауа кіретін жер емес, сырттағы әлемге апарар жол секілді. Алайда ересектер



тарапынан тиісті бақылау болмаған жағдайда бұл қызығушылық үлкен қайғыға ұласуы мүмкін.

Статистикаға сүйенсек, жаз мезгілінде балалардың көпшілігі дәл осындай жағдаймен ауруханаға түседі немесе ауыр жарақат алады. Кей жағдайда мұндай оқиғалар қайғылы аяқталып жатады.

Балалардың өмірі мен қауіпсіздігі – біздің басты құндылығымыз. Сондықтан әр ата-ана өз үйінде қауіпсіздік шараларын сақтап, «Қауіпсіз терезе» акциясының маңызын түсінсе, қайғылы оқиғалар азаяры сөзсіз.

Бір сәттік салғырттық орны толмас өкінішке айналуы мүмкін. Балаларыңыздың қауіпсіздігі – сіздің қолыңызда!

Әминна ШҮЛЕН,
«Ақпараттық медиа орталығы» КММ-нің БАҚ талдаушы маманы.

ШҰҒЫЛА-RADUGA ЖАМБЫЛ АУДАНЫ АҚПАРАТ-СЫЯСИ ГАЗЕТІ МЕНШІК ИЕСІ: «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС Бас редактор: Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ Қабылдау бөлмесі: 2-17-98 Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701	Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Дизайнер-теруші: Бас редактордың орынбасары: Тілшілер: Максат ЖҰМАБАЕВ Аружан КҮНТУБАЙ Ғалия АЛИЕВА 2-20-24 2-13-44 Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰРҰ00041240	Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды. Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Салық тәртібі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 б. Таралымы 2810 Тапсырыс №422 Нөмірдің кезекшісі: Аружан КҮНТУБАЙ	Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу. Индекс: 68991 Электронды пошта: sugyla@bk.ru Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.
--	---	--	--